

**Атбасар аудандық мәслихатының 2012 жылғы 27 маусымдағы № 5С 7/4 "Атбасар ауданында тұратын аз қамтылған отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету Ережесін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Ақмола облысы Атбасар аудандық мәслихатының 2012 жылғы 9 қарашадағы № 5С 10/3 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 5 желтоқсанда № 3515 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Атбасар аудандық мәслихатының 2015 жылғы 9 ақпандағы № 5С 31/5 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Атбасар аудандық мәслихатының 09.02.2015 № 5С 31/5 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

**Р Қ А О е с к е р т п е с і :**

**Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңының 97 бабына, «Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 қаулысына сәйкес, Атбасар аудандық мәслихаты

### **Ш Е Ш І М**

**Е Т Т І :**

1. «Атбасар ауданында тұратын аз қамтылған отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету Ережесін бекіту туралы» Атбасар аудандық мәслихаттың 2012 жылғы 27 маусымдағы № 5С 7/4 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1-5-188 тіркелген, «Атбасар», «Простор» газеттерінде 2012 жылғы 27 шілдеде жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

аталған шешіммен бекітілген Атбасар ауданында тұратын аз қамтылған отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету Ережесінде:

1 тармақ жаңа редакцияда баяндалсын:

«1. Тұрғын үй көмегі Атбасар ауданы мен Атбасар қаласының аумағында тұрақты тұратын меншік иелері немесе тұрғын үйді жалдаушы (қосымша жалдаушы) болып табылатын тұлғаларға, егер тұрғын үйді (тұрғын үй ғимаратын) ұстауға және коммуналдық қызметтерді тұтынуды төлеуге шығындар отбасы бюджетінің осы мақсаттарға шекті рұқсат етілетін шығындарының үлесінен асатын жағдайда ұсынылады.

Тұрғын үйді (тұрғын үй ғимаратын) ұстауға және коммуналдық қызметтерді тұтынуға ақы төлеуге шығуы мүмкін шығындар үлесінің шегі отбасының жиынтық табысының 11 пайыз мөлшерінде белгіленеді.

Тұрғын үй көмегін телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының, жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу ақысының ұлғаюы бөлігінде тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған шығыстарға, жекешелендірілген тұрғын үй-жайларында (пәтерлерде), жеке тұрғын үйде тұрып жатқандарға тәулік уақыты бойынша электр энергиясының шығынын саралап есепке алатын және бақылайтын, дәлдік сыныбы 1-ден төмен емес электр энергиясын бір фазалық есептеуіштің құнын төлеуге, коммуналдық қызметтер мен байланыс қызметтерін тұтынуға нормалар шегінде ақы төлеу сомасы мен отбасының (азаматтардың) осы мақсаттарға жұмсаған, шекті жол берілетін деңгейінің арасындағы айырма ретінде айқындалады.

Аталған жерлерде тұрақты тұратын адамдарға тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған ай сайынғы және нысаналы жарналардың мөлшерін айқындайтын сметаға сәйкес, тұрғын-үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған коммуналдық қызметтер көрсету ақысын төлеу, сондай-ақ, жекешелендірілген тұрғын үй-жайларында (пәтерлерде), жеке тұрғын үйде пайдалануда тұрған дәлдік сыныбы 2,5 электр энергиясын бір фазалық есептеуіштің орнына орнатылатын тәулік уақыты бойынша электр энергиясының шығынын саралап есепке алатын және бақылайтын, дәлдік сыныбы 1-ден төмен емес электр энергиясын бір фазалық есептеуіштің құнын төлеуге, жеткізушілер ұсынған шоттар бойынша тұрғын үй көмегі бюджет қаражаты есебінен көрсетіледі.

6 тармақ жаңа редакцияда баяндалсын:

«6. Тұрғын үй көмегі өтініш және келесі құжаттар негізінде тағайындалады:

- 1) өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 2) тұрғын үйге құқық беретін құжаттың көшірмесі;
- 3) тұрақты мекен-жайы бойынша тіркелуін растайтын құжат (мекен-жайының анықтамасы немесе село әкімінің анықтамасы (селолық немесе ауылдық округ));
- 4) отбасының табысын растайтын құжаттар;
- 5) тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған ай сайынғы жарналардың мөлшері туралы шоттар;
- 6) коммуналдық қызметтерді тұтынуға арналған шоттар;
- 7) телекоммуникация қызметтері үшін түбіртек-шот немесе байланыс қызметтерін көрсетуге арналған шарттың көшірмесі;
- 8) жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жергілікті атқарушы орган берген жалдау ақысының мөлшері

9) жекешелендірілген тұрғын үй-жайларда (пәтерлерде), жеке тұрғын үйде тұрып жатқандарға тәулік уақыты бойынша электр энергиясының шығынын саралап есепке алатын және бақылайтын, дәлдік сыныбы 1-ден төмен емес электр энергиясын бір фазалық есептеуіштің құнын төлеуге тұрғын үй көмегін көрсету жөніндегі шаралар қолданылатын түбіртек-шот.

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

	<i>А у д а н д ы қ</i>	<i>м ә с л и х а т</i>
<i>сессиясының төрайымы</i>	<i>Безверхова Н.А.</i>	
	<i>А т б а с а р</i>	<i>а у д а н д ы қ</i>
<i>мәслихатының хатшысы</i>	<i>Борұмбаев Б.А.</i>	
<i>«КЕЛІСІЛДІ»</i>		
<i>Атбасар ауданының әкімі</i>	<i>Е.Сағдиев</i>	